



Ресми

Мәжіліс төрағасы мән-жаймен танысты

Аптаның басында ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов пен Парламент депутаттары Ұлытау облысына жұмыс сапарымен келді. Меймандар алдымен Сәтбаев қаласындағы № 1 жылу станциясындағы еңбек ұжымымен және қала жұртшылығымен кездесіп, экология және «қара қар» мәселелерін талқылады.



кейін станцияның жылу қуаттылығы азаятындықтан, № 2 жылу станциясы арқылы да тұрғындарды жылумен қамтамасыз ету жұмыстарын атқару бойынша тапсырмалар берілді. Ал, Ұлытау облысы әкімдігіне жеке секторды газдандыру жөніндегі жобаларды іске асыруды қолға алу тапсырылды.

Сапар барысында Мәжіліс депутаттары Жезқазған қаласындағы шаруашылық ауыссу тазарту ғимаратындағы (гидроцех) жұмыспен де танысты.

Жезқазғандағы жүздесуде Мәжіліс төрағасы Үйтас-Айдос топтық су жүйелерінің кезеңдерімен, Есқұла су құбырының құрылысы және «Жезқазған қаласының шаруашылық ауыссу тазарту құрылыстарын қайта жаңғырту» жобалары бойынша Ұлытау облысының әкімдігіне, Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне 2025-2027 жылдары жобаларды қаржыландырып аяқтау бойынша нақты тапсырмалар берді.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Мәжіліс спикері Мемлекет басшысының бұл жағдайдан хабардар екенін және қаланың экологиясын ластаудың жүйелі себептерін жою үшін кешенді тексеру жүргізуді тапсырғанын атап өтті.

Кездесу барысында Ерлан Қошанов «Қазақмыс Дистрибьюшн» ЖШС тиесілі № 1 жылу станциясы басшыларының Сәт-

баев қаласын ластауы бойынша түсініктемелерін және атмосфераға бөлінетін зиянды заттардың мөлшерін азайту бойынша атқарылу керек кешенді шаралар жоспарын тыңдады. Сондай-ақ, № 1 жылу станциясындағы № 4

қазандықта орнатылған эмульгатор түріндегі заманауи күл ұстағыш қондырғысының жұмысы бақыланып, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-не нақты тапсырмалар берілді. Нақтылап айтқанда, 2025-2026 жылда-

ры жылу беру маусымына дайындық барысында № 1 жылу станциясындағы № 1, 2 және № 3 қазандықтарға күл ұстағыш эмульгаторларды орнату міндеті жүктелді. Алайда, күл ұстағыш эмульгаторларды орнатқаннан

Қалалық мәслихатта

Өткен талқыланып, болашақ жоспарланған сессия

Қаражал қаласы әкімдігінің ғимаратында қалалық мәслихаттың кезекті XXV сессиясы болып, Қаражал-Жәйрем өңірінде 2024 жылда атқарылған жұмыстар талқыланып, 2025 жылда атқарылатын жұмыстардың бюджеті бекітілді.



Аталған отырысты Қаражал қалалық мәслихатының төрағасы Зәмзағұл Оспанова ашып, қворумды анықтап, сессия жұмысын бастады. Сессия жұмысына мәслихат депутаттарымен қатар, қала әкімі Айқын Елеусізов, Жәйрем

кентінің әкімі Қайрат Жансағымов, Қоғамдық кеңес мүшелері, бөлім және мекеме басшылары, БАҚ өкілдері қатысты. Кезекті XXV сессияның секретариатының құрамына мәслихат депутаты Гауһар Наурызбаева басшылық жасап,

құрамына мәслихат депутаттары Берік Шікіров және «Қаражал қалалық мәслихат аппараты» ММ бөлім басшысы Ақелік Нұрмағанбетова сайланды.

→ 5 бет.

Қазыналы өңір

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Өздеріңіздің сүйікті «ҚАЗЫНАЛЫ ӨҢІР» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны жалғасуда. Басылым аймақта болып жатқан ең елеулі оқиғалар туралы шұғыл әрі дәйекті түрде ақпарат беріп, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тақырыпты қозғайды

Байланыс нөміріміз: 2-61-02